



**Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және
Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы монополияға қарсы саясат саласында
интеграцияны тереңдету туралы Келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 қазан N 1557

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 14 наурызда Бішкек қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы монополияға қарсы саясат саласында интеграцияны тереңдету туралы Келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі
және Өзбекстан Республикасының арасындағы монополияға қарсы саясат
саласында интеграцияны тереңдету туралы
Келісім

Бұдан былай Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

біртұтас экономикалық кеңістік және тауар мен қызмет түрлерінің, капитал және жұмыс күшінің жалпы нарығын құруға бірлесіп жәрдемдесудегі ниеттерін басшылыққа ала отырып;

осы процестерді жүзеге асыруды бәсекелестік саясатының жетекші рөлін түсіне отырып;

өздерінің монополияға қарсы саясатын және тұтынушылардың құқын қорғау саласындағы саясаттарын үйлестіру жөнінде тиімді өзара іс-қимылға ұмтыла отырып;
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар ұлттық заңды және нормативтік актілердің негізінде монополияға қарсы саясат және тұтынушылардың құқын қорғау саласында құқықтық реттеуді үйлестіру жөнінде жұмыс жүргізетін болады.

2. Тараптар үйлестірілген құқықтық жүйені қамтамасыз ету мақсаттарында бұдан былай, Тараптардың бірінің енгізілуге ұсынылатын нормативтік-құқықтық құжаттардың жобаларына қатысты алдын-ала консультациялар жүргізе отырып, заң жобаларын даярлау жөніндегі жұмыстарды үйлестіре және, мүмкіндігінше, мемлекеттердің аумақтарында ережелердің біркелкі қолданылуын қамтамасыз ететін шаралар қолдануға міндеттенеді.

Тараптар экономикалық интеграцияны тереңдету, өндірістік кооперацияны дамыту мақсаттарында 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін монополияға қарсы реттестіруде ұлттық заңдылықты үйлестіру үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

Тараптар 1997 жылғы 1 шілдеге дейін қатысушы мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қатысуымен көп ұлтты өндірістік топтардың құрылуына монополияға қарсы бақылаудың жалпы шарттарын келісіп алуды қамтамасыз етеді.

2-бап

Тараптар ұлттық заң актілеріне сәйкес мына салаларда заңдылықты үйлестіру және реттеу мүмкіндіктерін қарайды:

- теріс пиғылды бәсекелестік;
- жарнама;
- экономиканы монополиясыздандыру;
- табиғи монополиялар;
- тұтынушылардың құқығын қорғау.

3-бап

Тараптар келісімге қол қойылғаннан кейін басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қатысуымен мәмілеге келуді нотификациялау (мәмілеге келу туралы хабар беру) деректері, сондай-ақ едәуір дәрежеде басқа мемлекеттердің экономикалық мүдделеріне ықпал етуі

мүмкін мәмілелерді нотификациялау жөнінде бірін-бірі тез арада хабардар етуге міндеттенеді.

4-бап

Тараптар бәсеке саласында біртұтас ақпарат кеңістігін құру жөнінде шаралар қолданады.

Тараптар осы мақсаттарда:

- әзірленіп жатқан нормативтік құжаттардың, әдістемелер мен нұсқаулардың жобаларын бір-біріне беруге;

- монополияға қарсы тиісті орган алқасының алдағы мәжілістері және

шешімдері туралы бір-бірін тұрақты хабардар етуге;

- монополияға қарсы саясат жөнінде тоқсан сайын статистикалық мәліметтер алысуға;

- монополияға қарсы заңдылықтың бұзылу сипаты туралы өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың, азық-түлік тобының және халық тұтынатын тауарлардың бағасының деңгейі туралы, тауардың сапасы және шыққан тегі туралы ақпарат материалдарын алысуға міндеттенеді.

5-бап

Тараптар интеграцияланған ынтымақтастықтың аралас салаларына қатысу жөнінде өз іс-әрекеттерін үйлестіріп отырады (баға қою саясаты, құрылымдық саясат, банк қызметтерін реттеу, біртұтас кеден кеңістігін құру).

6-бап

Тараптар өзара мүдделі монополияға қарсы саясат жөнінде халықаралық бағдарламалар мен іс-шараларға қатысу жөнінде келісілген позицияны қалыптастырады.

7-бап

Тараптар Келісімді орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін

Тараптардың өкілдерінен жұмыс тобын құрайды, жұмыс тобы жылына ең кемі екі рет өз мәжілісін өткізеді.

8-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру барысында туындайтын қайшылықтар Тараптар арасындағы консультациялар арқылы шешіледі.

9-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптар өзге шешімдер қабылдасамаса, келесі бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады.

Осы Келісім қол қойылған күнінен уақытша қолданылады және депозитаридың оның күшіне кіру үшін қажетті ішкі мемлекеттік ресімдерді Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабар алған сәтінен күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы өзінің шығуына дейін алты айдан кешіктірмей бұл

туралы депозитариге жазбаша хабарлай отырып, өзінің Келісімге қатысуын тоқтатуға құқы бар.

Осы Келісімдегі өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың уағдаластықтары негізінде жүзеге асырылады және Хаттамалармен ресімделеді. Олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және осы Келісімдегі секілді тәртіппен күшіне енеді.

1997 жылғы 14 наурызда Бішкек қаласында, орыс тілінде, біртүпнұсқа данамен жасалды.

Түпнұсқа данасы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесінің Атқару комитетінде болады, ол оның куәландырылған көшірмесін әрбір қатысушы-мемлекетке жібереді.

Қазақстан	Қырғызстан	Өзбекстан
Республикасы	Республикасы	Республикасы
үшін	үшін	үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК